

М.С. Шахманова,

ҚГЗУ, құқық магистрі, мемлекет және құқық
теориясы мен тарихы кафедрасының оқытушысы

**Құқық нормалары мен мораль нормаларының
арақатынасы**

Құқық пен мораль тығыз байланыста. Осы екі
құбылыстың жалпылама ерекшеліктерін және
айырмашылықтарын көрсету қажет.

Жалпылама ерекшеліктері құқық пен мораль экономикалық базиске жасалған қондырма болып табылады, қоғамдық қатынастарды реттейді, әлеуметтік-экономикалық мүдделердің ортақтығына негізделді.

Құқық нормаларының талаптары моральдық талаптарға негізделеді.

Кейбір құқық салаларында моральдық талаптардың ықпалы аздау.

Енді құқық пен моральдың айырмашылығына тоқталу қажет.

1. құқық мемлекетпен бірге, қатар пайда болады. Ал мораль мемлекеттен бұрын пайда болады. Құқық жазылған нормалардан тұрады, ал мораль күрделірек құрылым және жазылмаған ережелер, талаптардан тұрады. Құқық мемлекеттік мәжбүрлеудің болу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі, ал мораль дағды арқылы немесе қоғамдық пікір күшімен қамтамасыз етіледі.

Нормативтік реттеу жүйесінде құқық ерекше орын алады. Бұның себебі құқықтың айрықша белгілеріне байланысты.

2. құқықты социологиялық және философиялық тұрғыдан қарағанда ол өте кең түсінік болып, оған құқық нормаларымен қатар құқықтық сана, құқықтық қатынастар да жатады.

Құқыққа ерекше әлеуметтік құбылыс ретінде жалпы және айрықша белгілер тән:

1. құқық жазылған нормалардан тұрады.
2. құқық әділдік және бостандыққа адамзат ежелден ұмтылып, оларды армандаған.
3. құқықтың бейнелейтін субъектілері болады.
4. құқық адамның іс-әрекетін реттейді, оның ойына, сезіміне әсер етеді.
5. құқық заңдар түрінде қалыптасады.
6. құқықтың формальды анықтылығы.

Құқықты мемлекет қорғайды. Құқықтың барлық нормаларының талаптарын адамдар өз еркімен орындай бермейді. Соған байланысты мемлекет құқық талабын бұзғандарға мәжбүрлеу тәсілін қолданады. Мұндай қорғау болмаса, құқық жоқ деп есептеу керек.

Өмірлік тәжірибеден қалыптасқан норманы моральдық норма дейді. Бұл нормалар жалпы қоғам көлемінде тексеріліп, қабылданады. Мысалы, не жақсы - не жаман, не дұрыс - не бұрыс деген ұғымды қоғам береді, өмір, тәжірибе қалыптастырады.

Құқық пен моральдың арақатынасы өте күрделі процесс. Ол процесс төрт компоненттен тұрады: бірлігі, айырмашылығы, бірлесуі, дербестігі.